

Бекітемін
Басшының оқу істері
жөніндегі орынбасары
Розакулова Н.А.
«29» «08» 2022ж.

**Пән/модуль/өндірістік оқыту мен кәсіптік практика бойынша оқу
жұмыс бағдарламасы**
«Кәсіптік практикасы»


Мамандығы: 0402000 «Дизайн» (салалар бойынша)

Біліктілігі: 040202 2 –Көркемдік - әсемдеу жұмыстарын орындаушы

Тобы: Д-212/Б

Оқыту нысаны: 11 сынып жалпы орта білім базасында

Сағат саны: 72

Әзірлеуші:  Камбыл Ұ.Р.

Жұмыс оқу бағдарламасы Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжінің
әдістемелік кеңесінде қаралды және бекітілді.

Оқу-әдістемелік кеңесі отырысында қаралды және мақұлданды

2022ж " 27 " 08 № 1 хаттама

«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің отырысында қаралған

2022ж " 26 " 08 № 1 хаттама

Пән бірлестік төрайымы  Садыкова А.Е

Түсіндірме жазба

Пәннің сипаттамасы

Кәсіптік іс-тәжірибесінің мақсаты: студенттердің алған теориялық білімдерін тереңдету және бекіту, практикалық әрекеттің шығармашылық, тиянақты тәжірибесін игеру, қоғамдық өмірдің құбылыстарын, жағдайларын, оқиғаларын талдап, олардың араларындағы салдар тәуелділіктері мен байланыстарын анықтау табылады.

Кәсіптік іс-тәжірибесінің міндеттері:

- студенттерді аудармашының нақты жұмысымен таныстыру (функционалдық міндеттердің ерекшеліктерімен, қызметінің бағыттарымен, жұмысты ұйымдастырудағы дәстүрлер мен инновациялармен);
- лингвистикалық және аударма пәндері бойынша теориялық білімді кәсіби қызметте қолдану процесінде бекіту;
- шетел (ағылшын) тілінен қазақ тіліне жазбаша аудару бойынша практикалық сабақта меңгерген кәсіби аудармашылық шеберлік пен дағдыларды жетілдіру;
- шетел (ағылшын) тілінен қазақ тіліне жазбаша аударма аясында кәсіби аударма қызметін жүзеге асырудың озық әдістерін меңгеру;
- аудармашының кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуға үлес қосу.

Постреквизиттер: Материалды көркемдеп өңдеу, Тігін бұйымдарын конструкциялау және т.б.

Пререквизиттер: Дипломдық практика, кәсіптік практика диплом алды практика

Жұмыс оқу жоспары бойынша оқыту уақытының көлемі (сағат саны)

Барлығы:	72- сағат;	оның ішінде:			
Теориялық сабақтар:		Лаб, тәжірибелік сабақтар:- 72сағат	-	Көркемдік әсемдеу жұмыстарын орындау.	-
Бақылау формасы:	Ауызша, көрнекілік, мәселелі-ізденіс және практикалық, оқытушының жетекшілігімен өздігінше жұмыс жасау, өздігінше жұмыс жасау. 1. Сұрақ-жауап 2. Шығармашылық жұмыстар				

Оқыту өткізудің кезеңі және орыны

Оқытуды өткізу орыны:	Аудитория
Оқытуды өткізу кезеңі:	2022-2023 оқу жылы

Оқытуға қажетті негізгі құрал-жабдықтар мен оқулықтар

оқу әдістемелік кешен, оқу әдістемелік кешен, А3, А4 форматтар, Планшет түрлері Бояу түрлері (акварель, гуашь, майлы боялар) видеofilmдер, кескіш құралдары, қайшы кеңсе пышағы, желім ПВА, ине, өшіргіш, щетка.

Қосымша көздер (әдебиеттер):

1. Агапов З.П. «Ежелгі Қазақстан байлықтары» А. 1979 ж.
2. Кабижанова Г.К. «Сәндік үйлестіру негіздері» Алматы 2002 ж.
3. Марғұлан А.К. «Қазақтың ұлттық қолданбалы өнері» А. 1986 ж.
4. Мұқанов М.С. «Қазақтың үй көркем қол өнері» А. ж.
5. Шорохов Е.В. «Үйлестіру негіздері» Мәскеу, Білім 1979 ж.
6. Ибраев К. «Қазақ ою өрнегі» 1994 ж.
7. Иляев Ғ. «Қазақ халқының ұлттық ою өрнегі» 2001 ж.

Альтернативті әдебиеттер:

8. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Ф. Средневековый Отрар в XIII – XIV вв. Алма – Ата, 1987.
9. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Ф. Отрар в XIII-XIV вв. Алмата, 1987. Байпаков К.М., Ерзакович Л.Ф. Керамика средневекового Отрара. Алматы, 1991.
10. Джанибекович У. Культура казахского ремесла. Алма-Ата, онер, 1983 Кузнецова Ф.Э.Тепловодская Т.М. «некоторые вопросы технологии керамического производства Южного Казахстана». Алматы, 1978.
11. Ахинжанов С.М.К вопросу о знаках на керамике позднесредневекового Отрара. Алма-Ата, 1975

Күтілетін нәтеже

Бұл бағдарлама бүгінгі талаптарға сай қажетті көрнекіліктер мен жабдықталып іске қосылған кабинетте жүзеге асырылады.

Ежелгі буынның тәжірибелері мен жұмыс әдістері; ою өрнек түрлері; космологиялық, зооморфтық, өсімдіктік және тағы басқалар; бағдарлама бойынша техниканы және материалдарды қолдану, ағаш бойынша көркем әшекейлеп жазудың тәсілдері; стилизация мен трансформация пішіні мен өсімдіктер сарыны; сазды аспаптарда сәндік элементтер жиынтығын қалай пайдалану керектігі. Студенттерді ұлттық мәдени мұрамызды танып, қастерлей білуге тәрбиелеу, студенттерді ұлттық қол өнер элементтерін жетік меңгеріп, шығармашылықпен үйлестіре білуге үйрету.

Материал таңдау, халықтың дәстүрлі заттары, ою-өрнектің түрін дұрыс айыра біліп, қажетті орнына қолдану, бағдарлама бойынша техниканы қолдану және материалдарды таңдау.

Композицияның түрлерін, композиция заңдарын тәжірибеде қолдануды, көлемді көрсеткен кезде түс-реңдік ара-қатынасы, композициядағы жоспарлылықты, тұтастықты; натураның тиісті ерекшеліктерін қолдануды, жарық пен түс арқылы көлемді көрсетуді; композициялық ойлауды дамытуды, пропорциялық арақатнасты, жоспарлылықты көрсетуді; сызықтық ауа перспективасының заңдылықтарын меігеруі тиіс. Оқыту нәтижесінде шығармашылықтағы білім мен икемдерді қолдана отырып, атмосфера мен күн сәулесінің жағдайын өзгеруін меңгеру; композиция құралдарын қолдану, композициядағы пропорцияларды сипаттау, эскиздерді әзірлеген кезде рационалды ұсыну техникасын таңдау; суретшілердің шығармаларын сипаттау талдау; әртүрлі техникалар мен материалдарды қолданып, графикалық пен көркем сурет жұмыстарын орындау дағдыларын игеруі тиіс.

Оқытушының байланысы туралы мәлімет

Камбыл Ұ.Р.

8776-623-16-96

Тақырыптық жоспары.

№	Тақырыптардың атауы.	Барлығы	Тәжірибелік
	КМ 6 Көркемдік-әсемдеу жұмыстарын орындаушының біліктілік жұмыстарын орындау.		
1.	Бейнелеу өнерінің қалыптасу	2	2
2.	бейнеленген фигураның сызықтық контурлары, оның құрылымы.	2	2
3.	Жарықтың нақты жағдайларына бейімделуі	2	2
4.	Қоршаған реңктермен өзара байланыс	2	2
5.	Жылы және суық реңктердің байлығы	2	2
6.	Қалыптасу сипатын анықтайтын түстер	2	2
7.	Стильді эскиздердің стилистикалық бояуы	2	2
8.	Түрлі бағыттағы стильдердің нобайын сызу	2	2
9.	Сюжеттік-композициялық орталықты құрайды.	2	2
10.	Қарандаш, тушь, маркермен жұмыс істеу техникасы, пішінді зерттеу, әртүрлі қиын конструкциялы заттармен натюрморт.	2	2
11.	Қиын	2	2
12.	Қиын күрделі пішінді және фактуралы заттардан тұратын натюрморт. Академиялық сурет.	2	2
13.	Түсті көлеңке көлемді беру шартында және жарық тақырыбында түсіну.	2	2
14.	Қиын күрделі пішінді және фактуралы заттардан тұратын натюрморт. Сызық-дақ сызық иелік етеді..	2	2
15.	Сызық –дақ арқылы біртұтастыққа келтіруді үйрену.	2	2
16.	Көркемдік әсемдеу жұмыстарын орындаған кезде шығармашылық ойды дамытады.	2	2
17.	Қарапайым натюрморт еркін ауада далада салу. Оқу натюрморт суретін салу	2	2
18.	Карандашпен формаларын салу.	2	2
19.	Гуаштың қолданылу мүмкіндіктері.	2	2
20.	Заттардың көлемін шығару.	2	2
21.	Ағаштардың бұтақтары мен сабақтарының этюдi.	2	2
22.	Заттардың көлемін шығару.	2	2
23.	Әртүрлі жағдайдағы қарапайым заттар суретін салу.	2	2
24.	Геометриялық денелер суреті	2	2
25.	Қарапайым натюрморт еркін ауада далада салу. Оқу	2	2

	натюрморт суретін салу		
26.	Карандашпен формаларын салу.	2	2
27.	Көркемдік-әсемдеу жұмыстарында композицияның негізгі құралдарын қолданады.	2	2
28.	Түр- түске байланысты көру арқылы елестету	2	2
29.	Түр - түске байланысты көру елестері	2	2
30.	Қабылдау елестері	2	2
31.	Түр - түстердің бір - біріне ауысуы	2	2
32.	Хроматикалық бояу қанықтығы	2	2
33.	Ахроматикалық бояу қанықтылығы	2	2
34.	Ашық түсті бояу қанықтығы	2	2
35.	Жиектік бояу қанықтығы	2	2
36.	Ішкі бояу қанықтығы	2	2
	Барлығы	72	72

«Кәсіптік практика» іс – тәжірибесінің мазмұны

1.Бейнелеу өнерінің қалыптасу.

Бес этюд орындау. Барлық практика уақытында шығармашылық сюжетін іздеу, алынған сюжетке материал таңдау, оны өз бетімен орындау.

2.Бейнеленген фигураның сызықтық контурлары, оның құрылымы.

Этюдті қаланың әр түрлі жерінде, күннің әртүрлі уақытында жазу. Сыртта этюд жазғанда біліктілікті қалыптастыру, тақырып таңдап алу, шығармашылық шешім тауып, орындалудың бір ізділігін анықтауға мүмкіндік жасау.

3. Жарықтың нақты жағдайларына бейімделуі

Кеңестіктік-көлемдік шығармы жасау. Ғимараттардың алдыңғы уақыттағы құрылысын көрсету, пропорциясын анықтау. Заттарды салу теппе – теңдік ережелерімен танысу. Пропорция сипатын айқындау, практикалық тапсырмалар орындау.

4. Қоршаған реңктермен өзара байланыс. Тақырыпқа байланысты натюрморт композициясын құрастыру. Практикалық жаттығулар орындау.

5. Жылы және суық реңктердің байлығы.

Түстану– түс туралы ілім жүйесі. Түстер хроматикалық және ахроматикалық болып бөлінеді. Хроматикалық түстерге түрлі-түсті түстер жүйесі кіреді. Ахроматикалық түстерге ақ және қара түстер жатады. Барлық хроматикалық түс үш параметрмен ашықтылықпен, түстік өңмен және қанықтылықпен сипатталады.

6. Қалыптасу сипатын анықтайтын түстер

Кескіндеме техникасының негізі қылқалам қолдана отырып, түрлі бояу көмегімен парақ мата бетіне сурет салу. Гуаш техникасы: бояуды суға езу арқылы қылқаламмен параққа жағу.

7. Стильді эскиздердің стилистикалық бояуы.

Композициялық шешімде симметрия мен ассиметрия үлкен рөл атқарады. Суреттің композициясына оның түстік, реңдік қатынастары өте маңызды.

Ою - өрнек өнерінің тамыры өте тереңде. Символикалық өрнектер қазіргі таңда өте шапшаң дамып келе жатыр. Бұл - фирмалық белгілер эмблемасы, сандар мен әріптердің информатикалық жүйесі және т. б.

8. Түрлі бағыттағы стильдердің нобайын сызу.

Тұтас көру дегеніміз бейнелейтін дененің оның қандай да болсын бір жағынан қарай отырып, көрінбейтін жағын да толық көз алдына келтіру. Композициялық жұмыстарды жасауда заттың

өзіне қарап мүмкіндігінше көп жұмыс жасау керек.

Графикалық сурет пен кескіндемелік сурет салуда сызықтық, пішінді құруда құрымдылық, тепе-теңдік «пропорция» көлем, жарық пен көлеңке, көңіл күй мен жай - жапсарды беру жүйеленеді, әсіресе композициялық қарекеттер жайлы ерекше айтуға болады. Кез келген суретті салу композициядан басталады.

Композиция – салынатын суреттегі барлық бөліктерді бір - бірімен өзара байланыстырып, орынды құрастыру.

9. Перспективалық сызықтарын анықтау

Дизайн іс – тәжірибе мен көркемдеу әдістерінің жиынтығы негізінде материалдық және рухани құндылықтар жасау саласына жатады. Қазіргі заманғы дизайн – адам суретшілік іскерлігінің, әрі теориялық ойлау қабілетінің негізінде қалыптасқан сала. Сұлулық және функционалдық заңдылық нәтижесінде жасалынған бұйым дизайн туындысы болып табылады. Қазіргі дизайн заттық бұйымдарды сәндеудің барлық талабына жауап бере алады, сондықтан киім жобалауына да тікелей қатысы бар.

10. Қарандаш, тушь, маркермен жұмыс істеу техникасы, пішінді зерттеу, әртүрлі қиын конструкциялы заттармен натюрморт.

Кез-келген элемент негізгі мағанасында ғана берілмейді. Өзінің бүтін формасына да бағынады. Осыған байланысты форма үлкенді-кішілі бірлікке ие болады. Онда кездейсоқ элементтер және кездейсоқ байланыстар болмайды. Сондықтан бірлік пен тұтастылық композицияның негізгі заңы ретінде қарастырылады. Форманың құрылымдық бірлігінің бастамасы оның монолиттік , компоненттердің ішкі тепе-теңдігі болып табылады.

11. Қиын күрделі пішінді және фактуралы заттардан тұратын натюрморт (тақырыптық қойылым). қарапайым геометриялық формалар – шар, куб, конус, цилиндр, т.б. өздерінің бастапқы бірлігін сақтайды. Алайда көркемдік тәжірибе соның ішінде сәулет шығармашылығының аясы үшін сыртқы геометриялық форма мен физикалық қасиеті бойынша түрлі компоненттердің композициялық бірлігіне жету тән.

12. Қиын күрделі пішінді және фактуралы заттардан тұратын натюрморт.

Академиялық сурет.

Дизайн қоғамның бұқаралық қарым – қатынас құралы. Өйткені ол сауда өнімі арқылы өндіріс пен тұтынушыны байланыстырады, жалпы көпшіліктің тұтынушылық белсенділігін арттырып, сұраныс пен тұтынушы талабының өзара әсерін реттейді..

13. Түсті көлеңке көлемді беру шартында және жарық тақырыбында түсіну.

Кез-келген элемент негізгі мағанасында ғана берілмейді. Өзінің бүтін формасына да бағынады. Осыған байланысты форма үлкенді-кішілі бірлікке ие болады. Онда кездейсоқ элементтер және кездейсоқ байланыстар болмайды. Сондықтан бірлік пен тұтастылық композицияның негізгі заңы ретінде қарастырылады. Форманың құрылымдық бірлігінің бастамасы оның монолиттік , компоненттердің ішкі тепе-теңдігі болып табылады. Мысалы, қарапайым геометриялық формалар – шар, куб, конус, цилиндр, т.б. өздерінің бастапқы бірлігін сақтайды.

14. Қиын күрделі пішінді және фактуралы заттардан тұратын натюрморт. Сызық-дақ сызық иелік етеді..

Ал, көркем шығармадағы сөз дегеніміз – автордың дара тілі, өзіндік стилі. Композицияның ішкі міндетіне көркем ой мен сезімнің үздіксіз қозғалысын реттеу жатады. Ол үшін композицияның әрбір бөлшегі бір- бірімен тығыз байланыста болуы шарт. Эпикалық шығармада жиі кездесетін композициялық бөлшектердің бірі – лирикалық шегініс. Лирикалық шегініс – эпикалық шығарма авторының ойы мен сезімінің шығармада тікелей көрінуі.

15. Сызық – дақ арқылы біртұтастыққа келтіруді үйрену.

Дизайн – көп өнім шығару мен қызмет көрсетуге қажетті сұраныс талабы жоғары қоғамның әлеуметтік мәдени реттегіші. Тауар сатып алған тұтынушы өз қажетін өтеу үшін ғана зат сатып алмайды, белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болады. Дизайн заттың символикасы арқылы тауарға белгілі бір әлеуметтік – мәдени мағына береді, жаңа тауарды сатуға алғы шарт жасайды. Осылайша дизайн тұтынушы мен өнім өндірушіні байланыстыратын маркетингтің бір нысанына және жалпы қарым – қатынас құралына айналады.

16. Көркемдік әсемдеу жұмыстарын орындаған кезде шығармашылық ойды дамытады.

Әр сабақта оқушы қолөнер бұйымдар жасаумен қатар, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіреді

17. Сызық – дақ арқылы біртұтастыққа келтіруді үйрену.

Костюм белгілі бір аймақ дәстүрлерін сипаттайды және тұрмыстық дәстүрмен тығыз байланысты. Өйткені қоршаған ортаға адам туралы ақпарат береді: оның әлеуметтік статусы туралы, саяси қызығушылықтары туралы, эстетикалық талғамы мен мәдениеті туралы

18. Карандашпен формаларын салу.

Нақты бір адаммен немесе әлеуметтік топпен байланыса отырып, костюмде киім тәрізді қызмет атқарады: қорғаныс және пайдалы – практикалық. Костюмнің маңызды қызметі бұл белгілік

19. Гуаштың қолданылу мүмкіндіктері.

Көркемділік құндылығы бар киім, сөзсіз, өнер туындысына айналады. Дегенмен, дизайн мен өнердің арасында айырмашылық бар: қолданбалы өнерде бұйымның көркем, әрлі нұсқасы дайындалса, дизайн – қоғам мен адамның нақты қажетілігіне сәйкес жаңа міндеттерді шешуге бағытталады

20. Заттардың көлемін шығару.

Адамның қоршаған әлемге бейімделуіне көмектеседі. Киімнің кез-келген пәні – бұл бір немесе бірнеше қызмет атқаратын және қолданылатын зат. Сондай-ақ киім эстетикалық қызмет атқарады. Ол адамды әдемілейді. Кез-келген зат тәрізді киімде қажеттілік болып табылады. Киімді кию – бұл белгілі бір өнімді пайдалану үрдісі. Киім нақты бір адамның сұранысы бойынша жеке тапсырыс арқылы шығарылуы мүмкін немесе жаппай өнеркәсіптік өндіріс өнімі болуы мүмкін, яғни бір үлгі жүздеген мыңдаған, тіпті миллиондаған үлгіде шығып, өз «иесін» сату нәтижесінде табуы мүмкін.

21. Ағаштардың бұтақтары мен сабақтарының этюдi.

Әр түрлі материалдан жасалатын көркем бұйымдар мен заттардың жобасын ең алдымен дизайншылар жасайды. Дизайн дегеніміз – адамға қажетті заттар мен бұйымдарды ыңғайлы, үйлесімді және әдемі етіп жобалау, жасау.

22. Заттардың көлемін шығару.

Кескіндемемен натюрморт салу жолдары. Кескіндемеде біз өзімізге таныс акварель бояуын пайдаланғанды жөн көрдік бізге берілген үш нәрседен құралған натюрморт суреті алған құрлысын композицияны орналастырып аламыз онсын керек емес сызықтарды өшіріп аламыз, екінші кезеңде біз орналастырып болған соң акварель бояуды жұқалап жағым аламыз, бізге берілген алма да фонымыз да қызыл болғандықтан екіуін де ғызығылт бояуды жағып шығамыз.

23. Әртүрлі жағдайдағы қарапайым заттар суретін салу.

Бірінші сызық бастың жоғарғы нүктесінен иекке дейін, екіншісі - иектен бастап төс сүйектің ұшына дейін, үшіншісі - төс сүйектің ұшынан кіндікке дейін, төртіншісі - кіндіктен шаптың сызығына дейін және бесінші бөлігі - жамбас сүйек пен аяқтың басымен қоса есептегенде төрт бастың биіктігіндей болуға тиіс.

Натюрморттағы заттардың құрылымын салып, олардың өлшемдерінің қарым қатынастарын көрсете отырып, сызықтық және кеңістік перспективасының заңдылықтарын ескеру.

Натюрморттағы заттарды реңк жағынан егежейтегежей жазу. Жұмысты біртұтастық үйлесімділікке ұластыру.

24. Геометриялық денелер суреті

кезеңде түстерді нақты бояп көлеңкесін түсуші көлеңкелерін түсіру арқылы затымыз фоннан шығып тұрады.

25. Қарапайым натюрморт еркін ауада далада салу. Оқу натюрморт суретін салу

Қарапайым натюрморт екі, үш заттан аспайтын, күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым заттардан, бұйымдардан тұрады.

26. Карандашпен формаларын салу.

Кеңістік перспективаларының заңдылықтары мен өлшемдік қарым қатынастарын ескере отырып адамның жартылай дене бітімінің құрылымын, қозғалыс пластикасы мен өзіне тән ерекшеліктерін бейнелеу. Адам бетінің ұқсастығына бет бөлшектері мен қолдарына егежей, тегежей қарау. Жұмысты бейнелі біртұтастыққа ұластыру.

27. Көркемдік-әсемдеу жұмыстарында композицияның негізгі құралдарын қолданады.

Сурет салуды менгеруді тірі модельден емес, «өлі», қозғалмайтын модельден – натюрморттан (француздың *natura - morte* өлі табиғат, натура деген сөзінен шыққан) бастаған жақсы.

28. Түр- түске байланысты көру арқылы елестету

жұмыс істеу үстінде оқушылар заттардың формасын құруға, оның конструкциясын талдауға, олардың өзгеше ерекшеліктерін де, олардың арасындағы өзара байланысты да табуға үйренеді.

29.Түр - түске байланысты көру елестері

Кәсіби суретшілер қатпарларды киімдерді тек нақ нұсқаға қарап емес, ойдан да сала беретіндей хәлге жетеді. Алғашқы кезде қатпарларды салу қимыл мен қозғалыстың күрделілігіне жылдамдығына болып салынады. Көлемдік формалардың ерекшеліктерін бере отырып, қаңқаның пластикалық құрылымын және өзара байланыс шектерін конструктивті түрде модельдеу.

30.Қабылдау елестері

Натюрморт суретін салған кезде бәрінен де одан шамамен екі метрдей қашықтықта орналасқан жақсы. Бұл, бір жағынан, оны бір қарағанда қамтып қалуға мүмкіндік береді, екінші жағынан – бұл қашықтық жалпы форманы қабылдауды тек қиындататын елеусіз ұсақ детальдарды жасырып, жұмсартады. Оның үстіне, бас пластикалық жағынан алғанда әсерлі көрінетін көру нүктесін таңдап алған дұрыс.

31.Түр - түстердің бір - біріне ауысуы

Тустану – түс туралы ілім жүйесі. Түстер хроматикалық және ахроматикалық болып бөлінеді. Хроматикалық түстерге түрлі-түсті түстер жүйесі кіреді. Ахроматикалық түстерге ақ және қара түстер жатады. Барлық хроматикалық түс үш параметрмен ашықтылықпен, түстік өңмен және қанықтылықпен сипатталады.

32.Хроматикалық бояу қанықтығы

Сондай-ақ киім дизайнерлері арасындағы өз шығармашылық концепциясын теория және манифест түрінде көрсету дәстүрге айналмаған. Киім дизайнері модельер киімін де өз ойын жүзеге асырады, ал өзінің шығармашылық концепциясын сәндік көрсетілім негізінде жүзеге асырады. Бұл киімдер коллекциясының мерзімді көрсетілуінің жиі болуымен байланысты. 10 Өндірістік және жоғарғы сән ұйымдастырушыларының әрекеті архитекторлық және дизайнерлік шығармашылық сияқты жобалау мәдениетінің дамуының жалпы концепциясын құрады

33.Ахроматикалық бояу қанықтылығы

Хроматикалық түстерді шартты түрде жылы түсер және суық түстер деп бөлінеді. Жылы түске түс спектрінің сары-қызыл бөлігі, ал суық түске көгілдір бөлігі жатады, жылы түстерді күн мен оттың түсімен, суық түстерді аспан, су мен мұздың түсімен сиппатауға болады

34.Ашық түсті бояу қанықтығы

Психолог ғалымдар түстің адамға әр түрлі әсер туралы бірқатар зерттеулер жүргізгендігі белгілі. Мысалы қызыл түске көп қарау, немесе қызыл түске боялған бөлме ішінде ұзақ отыру адамның жүйкесіне тиіп, оны әлсірететіндігі анықталған

35. Жиіктік бояу қанықтығы

Үйлесімнің түс-өңдік шешімі, ұстанған колоритте салу жағдайында түстік өң беруді сақтау. Сулы бояудың кескіндеменің техникалық тәсілін жетілдіру.

Форматты үйлестіру, натураға тән сипатты анықтау, портреттеуші мен бейненің ұқсастығы, қойылымның түс - түстік көлеңкесін талдау жарық пен көлеңке бөліктеріне ерекше көңіл бөлу

36.Ішкі бояу қанықтығы Түстерді тану барысында олардың символдық түрде берілуі ерекше назар аударатын құбылыс. Жасыл көк түс жастық шақты білдірсе, аспан көк түс бостандықты, еркіндікті, білдіреді, ақ түс тазалықты, қара түс жамандықты, қызыл түс белгілі бір өзгерісті білдіреді.